

Мұнай-газ саласы кәсіпорындарын жекешелендіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 17 қарашадағы N 1565 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 659 P950659_ қаулысына сәйкес және мұнай-газ саласы кәсіпорындарын жекешелендіруді тездетіп жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен "Актюбинскнефть" "Южнефтегаз" және "Шымкентнефтеоргсинтез" акционерлік қоғамдарын жекешелендіру туралы мәселені, сондай-ақ олардың осы аталған серіктестіктердің қатысуымен құрылған бірлестіктердің жарғылық қорларына салымдарындағы құқықтық мұрагерлігі мәселелерін шешетін болсын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 24 тамыздағы N 310 өкімімен құрылған мұнай-газ саласы кәсіпорындарын жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп екі апта мерзімде тендер өткізу шарттары мен мерзімін әзірлеп, тендер күнін 1995 жылғы 20 желтоқсанныан бастауды көздей отырып, жекешелендіретін кәсіпорындар туралы ақпараттық меморандумды даярлап, оны тендер процесіне қатысушыларға жіберуді қамтамасыз ететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті осы аталған акционерлік қоғамдарды жеке жоба бойынша жекешелендіретін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі таңдап алынған консультанттардың мұнай-газ саласының осы аталған кәсіпорындарын жекешелендіру процесін жүзеге асыруы үшін Қазақстан Республикасының жер

қойнауы туралы қажетті ақпарат алуына жәрдемдесетін болсын.
Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК